

Филиппин	0,2	3,7
Тайланд	0,5	12,7
Вьетнам	0,6	6,8

7-кесте. Еріген табиғи газдың әлемдік сатылымы

Экспорттаушы мемлекеттер	Экспорттау көлемі, млрд. м.куб	Сатылымның жалпы көлемдегі үлесі, %
Индонезия	35,7	26,1
Алжир	26,3	19,2
Малайзия	21,0	15,3
Катар	14,0	10,2
Австралия	10,1	7,4
Бруней	8,8	6,4
БАӘ	6,9	5,0
Нигерия	5,6	4,1
Тринидад	3,5	2,6
Оман	2,5	Б8
АҚШ	1,7	1,2
Ливия	0,8	0,6
Барлығы	136,9	100,0

Малайзия

Малайзияның мұнай-газды іздеу-барлаға жарамды, ауданы – 494,2 км² - ға тең территориясы бар. Оның ішінде 337,2 км² – континентальді шельфте, 63,9 км² – терең сулы ауданда – 94,048 км² құрлықта.

Мұнай. Мұнда дәлелденген мұнайдың жалпы қоры 2,3 млрд баррельді құрайды. Бүткіл мұнайды өндіру Малайзия бұғазындағы шельфке негізделген. Басты кен орындар: Tapis, Guntong, Selgi, Pulai, Bekok, Kerong. (18 кен орын). Елде өндірілетін мұнайдың жартысынан астамы Tapis кен орнына тиесілі. Мұнай қоры қазіргі қарқындылықпен өндірілетін болса, ол 17 жылға жетеді, 2016/2017 жылға қарсы Малайзия мұнай импорттаушы ел болуы мүмкін.

Мұнай платформадан құбыр арқылы Терренгану штатының жағалауына жеткізіледі. 2001 жылдан бастап Angsi, Larut, Sattelite, Fields кен орындарында өндіру жұмыстары басталды. Angsi кен орнын игеру үшін 300 км ішкі өндірістік құбырлар төселген және жағалауға дейін 166 км салынды. Болашақта күтетін өндіріс көлемі 160 млн. баррель мұнайды және 1,4 трлн. куб.фут газды құрайды.

Larut кен орны 69 м тереңдікте орналасқан. Одан 320 млн. баррель мұнай және 1,5 трлн. куб.фут газ өндірілмек. Көмірсутек Терренгану штаты жағасына газ құбыры (диаметрі 8 дюйм, ұзындығы 98км) және мұнай құбыры (диаметрі 12 дюйм, ұзындығы 101 км) арқылы жеткізілмек.